

## Талдамалық анықтама.

Атырау қаласы

15.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ШЖҚ КМК «№6 Атырау қалалық емханасы» қызметіне ішкі талдау жүргізді.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: ішкі талдау нәтижелері бойынша ШЖҚ КМК «№6 Атырау қалалық емханасы» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. ШЖҚ КМК «№6 Атырау қалалық емханасы» 2026 жылғы 06 сәуірі №106 бұйрығымен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жұмыс тобымен жүргізілді.

Талдау түрі : Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ШЖҚ КМК «№6 Атырау қалалық емханасы» қызметіне ішкі талдау жүргізілді.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: қалыптасқан тәжірибелерді сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау мерзімі 06.04.2026-10.04.2026 жыл.

Жұмыс тобы жеті бағыт бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

### Соңғы 2025 жылдың II-жарты жылдығындағы мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат

Соңғы тоқсанда №6 Атырау қалалық емханасына жылдық жоспарына 55 186 158 (елу бес миллион жүз сексен алты мың жүз елу сегіз) теңгеге толықтыру жасалды. Жылдық жоспардың соммасы – 196 443 970 (жүз тоқсан алты миллион төрт жүз қырық үш тоғыз жүз жетпіс теңге). Соңғы үш айда Өнім берушілермен жасасқан шарттардың саны – 74, барлық келісім шарттар саны 198. Соңғы тоқсанда Ішкі аудит департаментінен заң бұзушылықты жою жөнінде 3 ескерту алынды, барлық заң бұзушылықтар уақытында жойылып орындалды. Олардың ішінде:

1) ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) Заңының 12- бабының 5-тармағына сәйкес Орналастырылатын ақпаратта баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға мыналарды: 1) негізгі (орнатылған) жабдықты, сондай-ақ орнатылған бағдарламалық қамтылымды (лицензиялық бағдарламалық қамтылымды) толық жинақтау, жаңғырту және толық жарактау; 2) тауарды лизингке беру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні айқындау және қажеттілік туындаған жағдайда лизингтің нысанасын егжей-тегжейлі сипаттау; 3) тапсырыс берушінің қолында бар тауарды жөндеу және (немесе) оған техникалық қызмет көрсету; 4) егер техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар, кохлеарлық импланттар, дәрілік заттар және мамандандырылған емдік тамақтану өнімдері дәрігерлік консилиумдар қорытындыларының және медициналықгенетикалық қорытындылардың нәтижелері бойынша белгіленген медициналық көрсетілімдері (жеке төзімсіздігі, өмірлік көрсетілімдері бойынша) бар пациенттерге қатысты қолдану үшін сатып алынса, оларды сатып алу; 5) нарықта ұсынылған және қолжетімді, құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір мың еселенген мөлшерінен аспайтын біртекті тауарларды сатып алу үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, нұсқаулардың болуына жол берілмейді. 1-тармақ. Заңның 12-бабының 5-тармағына қайшы, мемлекеттік сатып алу вебпорталында орналастырылған сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігінде жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін айқындайтын нақты сипаттамалары көрсетілген.

Көрсетілген заң бұзушылық 10 жұмыс күн ішінде жойылды. Басқа ескертулер мен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алуды өткізуге жауапты мамандар қолданыстағы заңнамалық актілерлер нормаларының қатаң сақталуын және тиісті заңнамалық актіге енгізілген өзгерістерді жіті қадағалап отыруы тиіс.

## 2) Персоналды басқару оның ішінде кадрлардың ауысуы:

2025- жылы емхананың штаттық саны-332,25

Дәрігерлер –83,25

Орта буын қызметкерлері –175

Кіші буын медицина қызметкерлері-18,5

Басқа да қызметкерлер саны-64,75

Бос орындар: Жалпы тәжірибе дәрігері-3 бірлік,

№6 Атырау қалалық емханасы бойынша 2025 жылдың 2 жарты жылдығы бойынша жұмысқа қабылданғандар саны 46жұмыстан босатылғандар саны-42

Бос ваканттық орындар бойынша қабылдау еңбек.кз порталы арқылы қабылданады.

“№6 Атырау қалалық емханасы” штаттық кестесінде көзделген барлық лауазымдарға нұсқаулықтар әзірленіп, енгізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша лауазымдық нұсқаулықтарда қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен құқықтары айқын белгіленген және лауазымдық нұсқаулықтардың ережелері жасақталған.

## 3)Сыбайлас жемқорлық шектеулеріне қатысты:

Заңның 12-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – бұл заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер, соның негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы:

- 1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;
- 3) ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында пайдалануға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау болып табылады.

Жоғарыда айтылған шектеулерді бұзу фактілері анықталған жоқ.

## 4)Мүдделер қақтығысына байланысты:

Заңның 15-бабына сәйкес мүдделер қақтығысы - Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға, егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Мүдделер қақтығысы анықталмады.

## 5.)Мемлекеттік қызметтер бойынша:

№	Мемлекеттік қызмет түрлері	Орындалуы	
		Барлығы	e-gov
1	Алғашқы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу	326	322
2	Дәрігердің қабылдауына жазылу	123234	
3	Дәрігерді үйге шақыру	13332	
4	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан анықтама беру	2934	
5	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру	3067	
6	Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке уақытша жарамсыздық анықтамасын беру	5880	
7	Қайтыс болғаннан кейін тіндерді (тіннің бөлігін) және немесе ағзаларды (ағзалардың бөлігін)	0	

	транспланттау мақсатында оларды тірі кезінде ерікті түрде құрбандық етуді тіркеу		
8	Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру	41	
9	Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру	1014	
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша мекемелеріңізде өткен іс шаралар, семинар, мәжілістер саны	7	
11	Алдын ала міндетті медициналық қарап тексеруден өту	2260	
12	Жедел медициналық көмек көрсету	743	
13	Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру	2064	
14	Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру	22	
15	Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру	10354	
16	Санаторлық –курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру	593	
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	<b>165871</b>	<b>322</b>

Мемлекеттік қызмет бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің уақытынан кешіктіріліп орындаған мемлекеттік қызметтер орын алған жоқ.

**б)Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықтық бұзушылыққа қатысты:**

Заңның 1-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

“№6 Атырау қалалық емханасы” қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты:

“№6 Атырау қалалық емханасы” қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеді. Мониторинг нәтижелері бойынша қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты «Сенім телефоны» арқылы арыз-шағымдар азаматтарды қабылдау журналына қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты өтініштер түскен жоқ.

**7)«№6 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК бойынша қызметкерлердің еңбекке жарамсыздық парақшасын алуы бойынша сараптама жасалды.**

Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығы бойынша тексеріс жүргізілді. Тексеріс нәтижесінде ЕЖП ашу реттілігін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сәйкес қатаң бақылауға ала отырып, күнделікті жұмыста пайдалануы және қызметкерлердің денсаулығына байланысты ЕЖП алу реттілігі тексерілді. Директордың орынбасары Мерешова Э.Б және ана мен бала жөніндегі орынбасары Конурова Д.М. рұқсат алу керектігі емхана қызметкерлеріне ескерілді.

Егер қызметкер басқа поликлиникада тіркеліп ем алған жағдайда, қаралған дәрігерінің жазбасын мөр қойылған түрде, ЕЖП-мен бірге кадр бөліміне тапсыруы керектігі айтылды. Ашылған ежп бойынша осы күнге дейін жүргізілген сараптама бойынша сыбайлас жемқорлыққа ұштасатын заң бұзушылықтар болған жоқ.

### **8) Мектеп оқушылары арасында 052-2/у нысанды анықтамасын тексеру**

№6 Атырау қалалық емханаға қарасты мектептер арасында «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес Бала денсаулық паспорты 052-2/у нысанды анықтамасы дұрыс толтырылып жатырғандығын тексеру жүргізілді.

1) Емханаға қарасты №48 мектеп медбикесі Саюпова Ақтоты Осынып бойынша -110 бала, 1 сынып бойынша – 99 баланың 052-2/у нысанды анықтамасын тексеруге ұсынды.

2) Емханаға қарасты №39 мектеп медбикесі Махсүтова Рауза 1 сынып бойынша -183 бала, 1 сынып бойынша – 169 баланың 052-2/у нысанды анықтамасын тексеруге ұсынды. Тексеру барысында әр сынып бойынша анықталған кемшіліктерге тоқтала кетсек:

3) Қ.Сатбаев атындағы орта мектебінің мейіргері Габдрахманова К.-1 сынып бойынша 160 бала оның 129 бала,-сынып 106 баланың 86 баласы 052-2/у нысанды анықтамасы тексерілді.

4) Б.Нысанбаев атындағы орта мектебінің мейіргері Рахметова А., 1 сынып бойынша 133 бала 0-сынып 92 баланың 86 баласы 052-2/у нысанды анықтамасы тексерілді.

5) №49 орта мектебінің атындағы орта мектебінің Алиева Мария 1 сынып оқушы-81, 0-сынып -54 бала, 052-2/у нысанды анықтамасы тексерілді.

6) №36 мектеп гимназиясы мейіргері Жумагазиева М., 2025 жылы 1 сынып оқушыларының 166 бала 0-сынып 80 баласының 052-2/у нысанды анықтамасы тексерілді.

Тексеру барысында әр сынып бойынша анықталған кемшіліктерге бойынша емхананың және дәрігер мөрі қойылмағаны, №175 бұйрықпен сәйкес келмейді қате толтырылған анықтамалар анықталды.

Жіберілген қателіктер емхана қызметкерлеріне «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығын түсіндіру бойынша семинар өткізілді

Емхана қызметкерлеріне дәрігерлерге және мектеп мейіргерлеріне 052-2/у нысанды қарталарды түзету және алдағы уақытта қателіктердің орны алмауын қадағалау 052-2/у нысанды форманы электронды түрде қабылдау қатаң тапсырылды.

### **9) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысты:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрбір субъектінің міндеті болып табылады. Заңның 9-бабының 4- тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ақпараттық және ұйымдастыру қызметі түсіндіру жұмыстарын жүргізу жолымен іске асырылады. Төзбеушілік көзқарасын сыбайлас жемқорлыққа болуы тиіс азаматтық ұстанымы бар әрбір қызметкер, сондай-ақ адалдық кеңейді.








**Жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ “№6 Атырау қалалық емханасы” бойынша сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік жағдайын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және алдын алу мақсатында, сыбайлас тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:**

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, емхана қызметкерлері арасында семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды;

2) Емхана қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ұсынады.

3) Қоғамдық орындарда сыбайлас жемқорлықтың салдары туралы ақпараттық плакаттарды брошураларды тұрақты түрде орналастыру.

**Комиссия мүшелері:**

Ахбалина Ж.Н.		Медициналық қызметтің сапасын бақылау бойынша директордың орынбасары м.а. комиссия төрайымы;
Мерешова Э.Б.		Стратегиялық даму бойынша директордың орынбасары, комиссия мүшесі;
Есенғалиева З.А.		Дәрігер аудит, комиссия мүшесі;
Тәжік Н.Е.		Отбасы денсаулық орталығының меңгерушісі, комиссия мүшесі;
Ботанова Г.А.		“Бірлік” ДА және “Жұлдыз” ДА меңгерушісі, комиссия мүшесі;
Туралиева Б.А.-		Комплаенс офицері, комиссия мүшесі;
Талғат А.		ДКК дәрігері.